**«Ақтөбе облысының білім басқармасы  Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ-нің**
**«№34 орта  мектебі»  коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**
**өзін-өзі бағалау нәтижелерінің**

# ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**2023 ж**

# М А З М Ұ Н Ы

**1. Жалпы сипаттамасы**
Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.............................................................
**2. Білім беру қызметінің негізгі бағыттары мен объектілері**
2.1. білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.......................................................................................
2.2. қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету....................................
**3.Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарының орындалысы:**
білім беру мазмұнына қойылатын талаптардың оқыту барысында игерілуіне, білім алушылардың оқу жүктемесініңең жоғары көлеміне, дайындық деңгейіне, оқу мерзіміне сәйкестігін талдау......................................................................
3.2. Оқу-әдістемелік жұмысы.....................................................................................................................................
3.3. Оқу-тәрбие, тәлімгер жұмысы..............................................................................................................................
3.4. Мектеп психологі мен әлеуметтік педагог жұмысы...........................................................................................
3.5. Кітапхана жұмысы..........................................................................................................................................
**4. МЖМБС жалпы талаптарына сәйкестігін талдаудың бағалау өлшемшарттары**
Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарынбағалауға арналған өлшемшарттар қорытындысы...............................................................................................…
4.2. Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер....................................................................
Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметкеберілген лицензия туралы мәліметтер...........................................................................................…......................
Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер..................
Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер..............................................
Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер..............
4.7. Білім алушылар контингентінің құрылымы..............................................................................................…....
4.8. Бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері (кесінділері)..................................................................................
**5. Қорытындылар мен ұсыныстар……………………………………………………………………….**

**Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды**
**«№34 орта мектебі» КММ**

«№34 орта мектебі» КММ
«қорытындыны жасау орны»
«26» мамыр 2023 жыл, сағат10.00

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі – Департамент) 2022_ жылғы «05» шілдеде бекітілген жартыжылдыққа арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 10 мамыр мен 26 мамыр 2023 жыл аралығында **ЖАЛПЫ СИПАТТАМА**

Білім беру ұйымының атауы: **«№34 орта мектебі»** КММ мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.
Мектептің өзін өзі аттестатау жөніндегі 2023 жылғы «10» мамырдағы бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда
(бұдан әрі – комиссия) өткізілді:

1. Айзакова Алима Жолмуратовна, №34 орта орта мектебінің директоры, комиссия төрағасы;
2. Бекбулатова Алия Калиевна - комиссия мүшесі, оқу ісі орынбасары
3. Сатыбалдина Гулнур Маратовна - комиссия мүшесі, әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
4. Утебаева Ботакоз Рамановна - комиссия мүшесі, тәрбие ісі орынбасары
5. Алгазина Роза Каскабаевна - комиссия мүшесі, мектеп тренері, биология пәні мұғалімі
6. Абдраухова Жайнагуль Жугинисовна -комиссия мүшесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
7. Демеубаева Гульнур Ауезхановна -комиссия мүшесі, бастауыш класс мұғалімі

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

## ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Білім беру ұйымының атауы: **«№34 орта мектебі»** КММ өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

## ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Білім беру ұйымының атауы: **«№34 орта мектебі»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Орысша атауы: Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №34».

Мекеменің орналасқан жері: (030007), Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы , Әбілқайыр хан даңғылы -7.

Тел – факс: 87132730586

Электронды адресі: school34@mail.ru, сайты https://34school.edu.kz/,

домендік атауы: https://34school.edu.kz/

Мектеп туралы : https://youtu.be/exNcadW-HCA

Айзакова Алима Жолмуратовна 2018 жылдың 16 - қаңтарында Ақтөбе қалалық білім бөлімінің № 19 - бұйрығымен **«№34 орта мектебі»** коммуналдық мемлекеттік мекемесіне директор қызметіне тағайындалды (*бұйрық көшірмесі жалғанды*).

**МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ**

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымы білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі –ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруылармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669 ;
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424 ;
- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы№286 бұйрығы);
- «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы;
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;
- «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы (өзгерістермен 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 477 бұйрық);
- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы;
- «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы;
- «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;
- «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;
- «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;
- «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 23 сәуірдегі №157 бұйрығы);
- «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 204 қаулысы;
- «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы;

- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы);
- «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы);
- «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 12 қараша № 561 бұйрығы.

## Мекеме қызметінің мақсаты мен міндеттері, құндылықтары

1. Мекеме қызметінің мәні бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің беру бағдарламаларын және оқушыларға тереңдетіп,саралап оқыту, сондай-ақ қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруі үшін қолайлы жағдайлар жасау.

2. Мекеме қызметінің мақсаты имандылық, зияткерлік, мәдени тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесін қалыптастыру болып табылады.

3. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру арқылы функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген базистік ғылыми негіздерді алуын қамтамасыз ету;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға және қоғамға қайшы келетін кез-келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылуда. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізіліп келеді. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

Мектеп мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес барлық периметрі бойынша қоршалған. (Қоршау зақымдалмаған). Ғимаратқа кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға апаратын жолдар асфальтпен, бетонмен жабылған. Білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталуда. Барлық қызметкерлер мен білім алушыларды мектеп ғимаратына кірген кезде медицина қызметкері күнделікті таңертеңгі сүзгіден өткізеді. Мектепте қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету мақсатында турникет, пандус, бейнекамера, дабыл түймесі орнатылған. Ерекше білімді қажет ететін балалардың тең құқылы білім алуына жағдай туғызылып оларға қолдау көрсетілуде.

Үзілістер кезінде сынып бөлмелері уақытылы желдетіледі. Сабақ басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін желдету жүзеге асырылады. Нормалау құжаттарына сәйкес температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы қадағаланып отырады. Сынып бөлмелерінде термометрлер орнатылған. Білім алушылар, тәрбиеленушілер медициналық тексеріп-қараудан өткен және мұғалімдер мен техникалық қызметкерлердің жұмысқа жіберілгені туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшалары бар. Жыл сайын объектіде ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

**3.1. білім беру мазмұнына қойылатын талаптардың оқыту барысында игерілуіне, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, дайындық деңгейіне, оқу мерзіміне сәйкестігін талдау**

**<u>2020-2021 оқу жылы</u>** 1-4 сыныптар аралығында 12 сынып комплекті, 5-11 сыныптар аралығында 14 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалды.

1-4, 5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

10«А», 11«А» сыныптары жаратылыстану-математика бағытында оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 2-қосымшасына, 10 «Ә» сыныбында қоғамдық - гуманитарлық бағытында оқу жоспары 1- қосымшасына сәйкес жасалды.

**2021-2022 оқу жылы** 1-4 сыныптар аралығында 12 сынып комплекті, 5-11 сыныптар аралығында 14 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымшасы басшылыққа алып жасалды.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6-қосымшасына сәйкес жасалды.

10 сынып жаратылыстану-математикалық бағытында,11«А»- сынып жаратылыстану-математика бағыты бойынша, 11«Ә» сынып қоғамдық - гуманитарлық бағытында білім алды. Оқу жоспарлары ***ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен*** бекітілген (*2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген*) 99 және 100 қосымшалары негізінде жүзеге асырылды.

**2022-2023 оқу жылы** 1-4 сыныптар аралығында 11 сынып комплекті, 5-11 сыныптар аралығында 14 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі **№ 412** бұйрығы **1-қосымша** басшылыққа алынды.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы **№ 365** бұйрығы 6-қосымшасына сәйкес жасалды.

10 сынып жаратылыстану-математикалық бағытында білім алады. Оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы 86-қосымшасына, 11 сынып 22- қосымшасына сәйкес оқытылды.

**_Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау**:

**2020-2021 оқу жылында** каникул кезеңдері «Орта білім беру ұйымдарында 2020 - 2021оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №340 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды:-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында),

көктемгі – 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында).

**2021-2022 оқу жылында** каникул кезеңдері 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2020 - 2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:1-11 (12) сыныптарда:күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда) беріледі.

**2022-2023 оқу жылында** каникул кезеңдері 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығымен бекітілген:

1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:1-11 (12) сыныптарда:күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қарашаны қоса алғанда),қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпанды қоса алғанда) беріледі

***Білім беру ұйымының 1-11 кластардағы сабақ кестелері, оның ішінде Kundelik.kz электронды журналынан инварианттық компонент сабақтары, ҚББ бөлімінен вариативтік компонент сабақтарының кестесі бір-біріне сәйкес келеді.***

Білім беру ұйымдағы оқу-тәрбие процесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп ұжымы 2022-2023 оқу жылында білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру процесін ұйымдастыру барысында «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алып, жоспарлы жұмыстар жүргізуде.

Мектептің 5 жылдық жұмыс оқу жоспарына және сынып-комплектісінің санына сәйкес әрбір пән бойынша оқу сағаттары оқу бағдарламасы бойынша жасақталып, әр жыл сайын қалалық білім беру бөлімінің басшысымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Мұғалімдердің оқу жүктемесінің көлемі мектептің жұмыс оқу жоспарындағы сағаттар саны мен мектептің кадрлармен қамтамасыз етілуіне қарай бөлінген. Жұмыс оқу жоспары бойынша сыныптардың сағат санын есептеу, сонымен бірге белгілі бір пәндер (шетел тілі, көркем еңбек, информатика, цифрлық сауаттылық) бойынша сыныптарды топтарға бөліп оқыту ескерілген. Топтарға бөлу сыныптағы білім алушылардың санына қарай жүргізіліп, әрбір мұғалімнің оқу жүктемесінің көлемі жұмыс оқу жоспарында белгіленген оқу қызметінің инварианттық және вариативтік компоненттердегі белсенді –қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардың көлеміне сәйкес жасалынған.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру мақсатында жаратылыстану –математикалық бағыттағы (дүниежүзі тарихы, физика, химия, география) 11 сыныптарға элективті курстардан сағаттар берілді.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру мақсатында оқушылардың бейімділігі, қызығушылық мүмкіндіктері ескеріліп, ата-аналардың келісімімен таңдау курстары беріліп, сабақ кестелері жасақталды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру мақсатында оқу жоспарлары мен бағдарламалары жасақталды.

2022-2023 оқу жылының басында (қыркүйек) 1-11 сыныпқа 543 оқушы тартылса, оның ішінде 4 оқушы инклюзивті білім алушылар қатарынан.

**Инклюзив, үйден оқыту:**

**2020-2021 оқу жылында** №34 орта мектебінде инклюзивті білім алатын 4 оқушы 2“А” класс оқушысы Амангельдина Айша, 7“Ә” класс оқушысы Инжилисова Жулдыз, 6“Б”класс оқушысы Жеткерген Марғұлан, 4“А” класс оқушысы Амангельдин Илияспен оқыту жұмыстары ұйымдастырылды**.**

Амангельдина Айшаның диагнозы 2-х сторонняя нейросенсорная тугоухость IV ст.. Состояние после КИ, Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №277663, 03.07.2020ж. Мүгедектік анықтамасы №2398928, 25.04.2019ж.

Амангельдин Илиястың диагнозы 2-х сторонняя нейросенсорная тугоухость IV ст.. Состояние после КИ, Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №277713, 03.07.2020ж. Мүгедектік анықтамасы №2060321, 10.09.2018ж.

Жеткерген Марғұланның диагнозы Врожденная внутренняя гидроцефалия в степ. Субкомбинсации . Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №2596, 07.09.2020ж. Мүгедектік анықтамасы №2060007, 21.06.2018ж.

Инжилисова Жулдыздың диагнозы 2-х сторонная нейросенсорная тугоухость IV ст Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №28141, 18.08.2020 ж, Мүгедектік анықтамасы №2060347,17.09.2018ж.

**2020–2021 оқу жылында** №34 орта мектебінде үйден оқыту жұмысы 1 оқушымен жүргізілді. 2020-2021 оқу жылының 01 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы негізінде «Үй жағдайында жекелей түрде негізгі тегін оқытуды ұйымдастыру туралы» бұйрығы және сол құжатта берілген оқу жоспары сағаттары басшылыққа алынды. ДКК-ң 10 тамыз 2020 жылғы №153 қорытындысы бойынша шығарылған №34 орта мектебінің №66 бұйрығы (01.09.20 жыл) негізінде 8«Ә» класс оқушысы **Молдабаева Гүлден** үйден оқытылды. 8-класс үшін белгіленген барлығы 18 сағат оқу жоспарына енгізілді. Аптасына 18 сағаттық жүктемемен үйде оқыту (қашықтықтан) ұйымдастырылды. Оқу жүктемесіне сәйкес аптасына қазақ тілі 2 сағат, қазақ әдебиеті 2 сағат, ағылшын тілі 2 сағат, орыс тілі 2 сағат,алгебра 2 сағат,геометрия -1 сағат, информатика - 1 сағат, физика - 1 сағат, химия- 1 сағат, биология - 1 сағат, Қазақстан тарихы 1 сағат, дүниежүзі тарихы 1 сағат – барлығы аптасына 18 сағат көлемінде оқытылды. Сабақ кестесі құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жүктеме көлеміне сай пән мұғалімдері Дүйсенова Г., Жуманиязова Б., Утарбаева К., Сагынбаева Г., Бахиева С., Мухамедиярова Н., Кубланова А., Алгазина Р., Айжарикова А., Есеркенова А. күнтізбелік жоспарды құрып, мектеп директоры бекітті.

**2021-2022 оқу жылында** №34 орта мектебінде инклюзивті білім алатын 3 оқушы 3«А» класс оқушысы Амангельдина Айша, 5«А» класс оқушысы Амангельдин Илияс, 8«Ә» класс оқушысы Инжилисова Жулдызбен, 2021 жылдың 8 қарашасында №126 бұйрықпен 4«Ә» класына Аманкелді Нұрасыл Жеңісбекұлымен инклюзивті оқыту ұйымдастырылды.

Амангельдина Айшаның диагнозы 2-х сторонняя нейросенсорная тугоухость IV ст.. Состояние после КИ, Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №31051, 03.08.2021ж. Мүгедектік анықтамасы №2398928, 25.04.2019ж.

Амангельдин Илиястың диагнозы 2-х сторонняя нейросенсорная тугоухость IV ст.. Состояние после КИ, Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №31050, 03.08.2021ж. Мүгедектік анықтамасы №2060321, 10.09.2018ж.

Инжилисова Жулдыздың диагнозы 2-х сторонная нейросенсорная тугоухость IV ст Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №31258, 09.09.2021ж.Мүгедектік анықтамасы №2060347,17.09.2018ж. Аманкелді Нұрасылдың диагнозы последствие перенесенного ушиба головного мозга, травматическая болезнь головного мозга с рубцово - атрофическими изменениями левой веночной доли. Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №30807, 16.06.2021ж. Мүгедектік анықтамасы №256533, 19.03.2021

2021 жылдың 5 қарашасындағы №125 бұйрықпен 3«А» класс оқушысы Амангельдина Айша, 5«А» класс оқушысы Амангельдин Илияс басқа мектепке ауысып кетті.

**2021–2022 оқу жылының** IY тоқсанында №34 орта мектебінде үйден оқыту жұмысы 1 оқушымен жүргізілді.

9«Ә» класс оқушысы **Молдабаева Гүлден** 2021-2022 оқу жылының 31 сәуірінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығы негізінде «Үй жағдайында жекелей түрде негізгі тегін оқытуды ұйымдастыру туралы» бұйрығы және сол құжатта берілген оқу жоспары сағаттары басшылыққа алынды. ДКК-ң 16 наурыз 2022 жылғы №86 қорытындысы бойынша шығарылған №34 орта мектебінің №25 бұйрығы (31.03.22 жыл) негізінде 9«Ә» класс оқушысы **Молдабаева Гүлден** үйден оқытылды. 9-класс үшін белгіленген барлығы 19 сағат оқу жоспарына енгізілді. Аптасына 19 сағаттық жүктememен үйде оқыту ұйымдастырылды. Оқу жүктемесіне сәйкес аптасына қазақ тілі 2 сағат, қазақ әдебиеті 2 сағат, ағылшын тілі 2 сағат, орыс тілі 2 сағат,алгебра 2 сағат, геометрия -1 сағат, информатика - 1 сағат, физика - 1 сағат, химия- 1 сағат, биология - 1 сағат, география – 1 сағат, Қазақстан тарихы 1 сағат, дүниежүзі тарихы -1 сағат, құқық негіздері – 1сағат, барлығы аптасына 19 сағат көлемінде оқытылды. Сабақ кестесі құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жүктеме көлеміне сай пән мұғалімдері Мадиярова М., Жуманиязова Б., Какенова К.Г., Ғалламова А., Бахиева С., Мухамедиярова Н., Кубланова А., Алгазина Р., Айжарикова А., Кунратбаева А. күнтізбелік жоспарды құрып, оны мектеп директорына бекіттірді. Мұғалімдер үйден оқытуға бекітілген сабақ кестесіне сай сабақтарын уақытында өткізіп отырды. Үйден оқыту электронды журналы дер кезінде толтырылды.

**2022-2023 оқу жылының** басында №34 орта мектебінде инклюзивті білім алатын 4 оқушы 4«А» класс оқушысы Амангельдина Айша, 6«А» класс оқушысы Амангельдин Илияс, 9«Ә» класс оқушысы Инжилисова Жулдыз, 5«Ә» класс оқушысы Аманкелді Нұрасыл Жеңісбекұлымен инклюзивті оқыту жұмыстары ұйымдастырылды**.** 2023 жылдың 6 қаңтарында №2 бұйрықпен 9«Ә» класс оқушысы Инжилисова Жулдыз басқа мектепке ауысып кетті.

Амангельдина Айшаның диагнозы 2-х сторонняя нейросенсорная тугоухость IV ст.. Состояние после КИ, Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №33499, 19.08.2022ж., мүгедектік анықтамасы №2398928, 25.04.2019ж.

Амангельдин Илиястың диагнозы 2-х сторонняя нейросенсорная тугоухость IV ст.. Состояние после КИ, Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №33498, 19.08.2022ж., мүгедектік анықтамасы №2060321, 10.09.2018ж.

Инжилисова Жулдыздың диагнозы 2-х сторонная нейросенсорная тугоухость IV ст Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №33637, 13.09.2022ж., мүгедектік анықтамасы №2060347, 17.09.2018ж.

Аманкелді Нұрасылдың диагнозы последствие перенесенного ушиба головного мозга, травматическая болезнь головного мозга с рубцово -атрофическими изменениями левой веночной доли. Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №33677, 22.09.2022ж., Мүгедектік анықтамасы №256533, 19.03.2021ж.

**2022-2023 оқу жылында** 2022 жылдың 21 желтоқсандағы ДКК-ң №595 қорытындысы негізінде үйден оқытуға өтініш берген 3«Б»-класс оқушысы Тұрар Сезім Жеңісбекқызына үйден оқытудың оқу жұмыс жоспарын құру кезінде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 53-қосымшасы басшылыққа алынды. 3-класс үшін белгіленген барлық 14 сағат оқу жоспарына енгізілді. Үйден оқытуға бағытталып құрылған оқу жоспары, сабақ кестесі бекітілді.

Үйден оқытуға төмендегі пән мұғалімдері: қазақ тілі - 2 сағат, әдебиеттік оқу - 2 сағат, математика - 3 сағат, жаратылыстану – 1 сағат, дүниетану - 1 сағат пән мұғалімі Алшора Д., ағылшын тілі – 2 сағат, пән мұғалімі Мендигалиева А., орыс тілі – 2 сағат, пән мұғалімі Ахмеджанова Ж., цифрлық сауттылық -1 сағат, пән мұғалімі Қаржаубаева Т. бекітілді. Дәрігерлік-косультациялық комиссияның 2023 жылдың 08 ақпандағы №43 қорытындысы негізінде 3«Б» класс оқушысы Тұрар Сезім Жеңісбекқызына үйден оқыту 9 ақпаннан бастап тоқтатылды.

Білім беру ұйымында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Білім туралы Заңының 8-бабына 5-тармағы «Денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастырылады» және 6-тармағы «Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді» талаптарына сәйкес келеді.

**«Цифрлық сауаттылық»** оқу пәні «ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген №496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді).

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері»** міндетті оқу курсы: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2 тарау 25 тармақшасына сәйкес 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырылды.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3 тарау 56 тармақшасына сәйкес "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 4 тарау 50 тармақшасына сәйкес "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

**«Жолда жүру ережелері»** міндетті оқу курсы:

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2 тарау 26 тармақшасына сәйкес "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2 тарау 38 тармақшасына сәйкес "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

**Қатаң есептегі құжаттардың жүргізілу барысы**: Мектеп бойынша қатаң есептегі құжаттарды жүргізуде «Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы басшылыққа алынған. Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары толық жүргізіледі. Педагогикалық кеңестің хаттамалары бар, материалдары жинақталған. Орта білім туралы аттестат және негізгі орта білім туралы аттестаттарды тіркеу журналы талапқа сай жүргізіліп отыр. Мақтау грамоталары мен қағаздарын беруді есепке алу кітабы бар. Берілген мақтау грамоталары тіркелген, алған оқушылардың қолдары қойылған. Кітап шнурланып, нөмірленді.

Сыныптар бойынша оқушылардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жасақталған, оқушы саны алфавиттік кітап бойынша сәйкес келеді. Келген - кеткен оқушыларға өзгерістер енгізілген, бұйрықтары шығарылған. 2022 - 2023 оқу жылында үлгерім табельдері тіркеліп, нөмірленді. Мектепке қабылданған оқушылар журналға және ұлттық білім деректер қорына статистикалық есепке сай енгізіледі. Оқушылардың сабаққа қатысы күнделікті есепке алынып отыр, арнайы журнал жүргізіледі. Себепсіз сабаққа қатыспай отырған оқушы жоқ. Мектепте оқушылар қозғалысы есепке алынады. Келген-кеткен оқушылардың басқа мектепке барғандығы жөнінде анықтамалары, ата-аналарының арыздары бар.

**Мұғалімдердің іс-қағаздары.** Мұғалімдердің іс-қағаздарын жүйелі жинақтаған, соңғы бұйрықтар жазылған, құжаттары түгел жүйелі жинақталған, нөмірленген, мұғалімдер мәліметі де жылда ұлттық деректер қорына толтырылып отырылады.

Оқу жылы басында аудандық білім бөліміне бітіруші сыныптар үшін құжаттарға сұраныс беріледі. Кітаптар түгел, келген құжаттар кезінде уақтылы толтырылады.

**Бұйрық кітаптары.** Мектептің бұйрық кітаптары талапқа сай жүргізіледі. Оқушылардың бұйрық кітабында жаңа оқу жылына қабылдау бұйрықтары шыққан, келген, кеткен оқушыларға бұйрықтар беріледі. Кеткен оқушылар ұлттық деректер қорынан уақтылы шығарылады.

**Таңдау және үйірме сабақтарын тіркеу журналы**. Мектеп электронды журналға көшті, 1-4, 5-9 сыныптарда өтетін вариативтік сабақтар мен 10-11 сыныптардағы таңдау курстарында өтілген сабақтар электронды «Kundelik.KZ»журналына тіркеледі.

**Оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелген.**

Мектеп бойынша жартылай жетім 13 жанұядан 18 оқушы, қамқорлыққа алынған оқушы жоқ, көпбалалы 75 жанұядан 169 оқушы. Жалпыға міндетті білім беру қорынан жылына 2 рет әлеуметтік қолдауды қажет ететін жанұя балаларына қаржылай көмек көрсетілуде. 2022 жылдың қыркүйек айында 26 оқушының ата - анасының өтініші негізінде әлеуметтік кепілдендірілген пакетпен көрсетілді. Қазіргі таңда әлеуметтік қолдауды қажет ететін 32 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Қорытынды аттестаттау қорытындылары сандық және сапалық мәліметтер түрінде кестеленеді, жылдық қорытындылармен салыстырылып, талдау жасалады. Емтихан құжаттары жинақталған, хаттамаланған, бағалау критерийлері сақталған.

Білім алушыларға үй тапсырмалары орындау мүмкіндігін ескере отырып, 2-сыныпта – 50 минут, 3-сыныпта – 70 минут, 4-сыныпта – 70 минут шамасында берілуі, демалыс және мереке күндері үй тапсырмасының берілмеуі ескеріледі.

Әрбір оқушының оқу жетістіктерін сабақта немесе үйдегі күнделікті жұмыс барысында ағымдағы игерген білімдері мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын және оқыту барысында білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағаны мен оқыту мақсаттарына жеткендігін түсінуге мүмкіндік беретін қалыптастырушы бағалау және білім алушылардың оқу тоқсанның аяғында оқу бағдарламаларының бөлімдерін оқып аяқтауы бойынша білімді меңгеруі мен дағдыларының қалыптасуы деңгейін айқындайтын жиынтық бағалау талаптары сақталады. Формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша білім алушылардың оқу жетістігі баллдар электрондық журналға енгізіледі, ТЖБ қорытындысына талдама жасалады.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 31 тамыздағы №385 бұйрығымен ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 5-тарау, 71-тармағы негізінде білім беру ұйымында сабақтың ұзақтығы 40 минут болып белгіленді. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының "сатылы" режимін қолдану үшін қыркүйекте үш сабақ 35 минуттан, қазаннан бастап 40 минуттан сабақ кестесі ата-аналар комитетімен келісіліп жасалды. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасақталып, сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы 5 минут, үлкен үзіліс екінші және үшінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасалды. Ал, мектепалды даярлық сыныптардағы сабақтардың ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақ, сабақтар арасындағы үзілістер 10 минут.

Оқу жылының ұзақтығы:1-сыныптарда–35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері 1-11 сыныптарда:

Күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қарашаны қоса алғанда),

Қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда),

Көктемгі-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда).

Бірінші сынып оқушылары үшін қосымша 7 күн каникул –(2023 жылғы 6-12 ақпанды қоса алғанда) белгіленіп, сыныптар бойынша оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталады.

**Мектеп бойынша оқушылар саны, білім сапасының көрсеткіші**

| № | Сыныптар | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Оқушы саны | 580 | 546 | 533 |
| 2 | Мектеп сапасы | 56.9% | 55.3% | 57% |
| 3 | Оқу озаты | 95 | 83 | 105 |
| 4 | Оқу екпіндісі | 260 | 182 | 172 |

Әр тоқсан сайын пәндер бойынша,сыныптар бойынша, зерттей келе қорытындысын әдістемелік пән бірлестік отырысында, ата-аналар жиналыстарында сыныптағы оқушылардың білім сапасын талқылап, білім сапасын арттыру шаралары жасақталып отырады.

**2020-2023 оқу жылдарындағы «Алтын белгі» белгісі, үздік аттестат иегерлерінің салыстырмалы кестесі**

| № | | Сыныбы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алтын белгі | 11 | 5 | 3 | 0 |
| 2 | Үздік аттестат | 11 | 4 | 1 | 0 |
| 3 | Үздік аттестат | 9 | 1 | 0 | 6 |

**4.7 Білім алушылар контингентінің құрылымы.**

**2020-2023 жылдардағы білім алушылар контингентінің құрылымы**

| Р/с № | Контингент құрылымы | | Бастауыш мектеп | Негізгі мектеп | Орта мектеп | Мектеп бойынша барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Білім алушылар саны | **2020-2021** | 259 | 253 | 68 | 580 |
| | | **2021-2022** | 256 | 242 | 48 | 546 |
| | | **2022-2023** | 231 | 261 | 41 | 533 |

## 5. Қорытындылар мен ұсыныстар

## Оқу – әдістемелік жұмысы

**Мектептің әдістемелік проблемасы:** Инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне енгізуде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіре отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту.

**Мектептегі әдістемелік қызметтің мақсаты** – мектеп мұғалімдерінің ақпараттық, кәсіби құзіреттілігін жетілдіру және оқыту сапасын арттыру, мұғалімдерді жоғары әдістемелік мәдени рухта тәрбиелеу және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесіне талап қоя білу, оқыту тәжірибесінде ұтымды, тиімді әдістерді шығармашылықпен игеру.

**Міндеттері:**

1.Әдістемелік апталықтар мен шараларды сапалы әзірлеп өткізу және олардың мектеп басшылары мен мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін жетілдірудегі ролін көтеру.
2.Сабақтың барлық түрлерінің жоғары әдістемелік деңгейде өтуін қамтамасыз ету.
3. Жаңартылған білім беру технологиялары бойынша ұжымдық оқытуды ұйымдастыру.
4. Білім берудің жаңа парадигмасын енгізу арқылы сабақтардың сапасын көтеру.
5. Мұғалімдердің еңбегін кәсіби басылымдарда жариялау ісін одан әрі жалғастыру.
6. Кабинеттердің көрнекіліктерін жаңарту, материалдық базасына көңіл бөлу.
7. Мұғалімдердің дарынды балалармен жұмыс жүргізудегі тәжірибелерін одан әрі шыңдай түсу
8.Оқулық, әдістемелік және дидактикалық материалдар әзірлеу.
9.Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың тәжірибесін жинақтау және тарату.
10.Жас мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін көтеру жұмыстарын ұйымдастыру.
11.Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен олардың есебін жүргізу құжаттарын реттілікте ұстау.

Мектепте 9 әдістемелік пән бірлестігі бар, олар:

1. Бастауыш кластар ӘБ,бірлестік жетекшісі Ғазизова А.Қ.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ, бірлестік жетекшісі Абдраухова Ж.Ж.
3. Орыс тілі мен әдебиеті ӘБ, бірлестік жетекшісі Какенова К.Г.
4. Шетел тілімдері ӘБ, бірлестік жетекшісі Қосжанова Т.Т.
5. ИФМ ӘБ, бірлестік жетекшісі Дәулетбай С.С.
6. Жаратылыстану ӘБ, бірлестік жетекшісі Алгазина Р.К
7. Эстетикалық пәндер ӘБ, бірлестік жетекшісі Баймуханова Г.М

8. Дене тәрбиесі ӘБ, бірлестік жетекшісі Бекмуратов Х.А
9. Тарих және қоғамдық пәндер ӘБ, бірлестік жетекшісі Есеркенова А.К.

Бірлестік жетекшілері бұйрықпен тағайындалды. Бірлестіктердің жұмыс жоспары жасақталды, бекітілді. Пәндік апталықтардың өткізілгендігін растайтын материалдары бар.

Педагог кадрлардың сапалық және сандық құрамы бойынша көрсеткіштер төмендегідей:

**Мұғалімдердің аттестаттаудан өтуі туралы мәлімет:**

| Жылдар | Жоғары | Бірінші | Екінші | педагог - зерттеуші | педагог -сарапшы | педагог - модератор |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2019-2020 | - | - | - | 3 | 3 | 0 |
| 2020-2021 | - | - | - | 3 | 5 | 3 |
| 2021-2022 | - | - | - | 1 | 3 | 4 |
| 2022-2023 | - | - | - | 2 | 0 | 3 |

**Мұғалімдердің біліктілік санаты:**

| Оқу жылы | Барлық мұғалім | Жоғары/зерттеуші | I/сарапшы | II/модератор | Санатсыз | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 54 | 6/10 | 3/12 | 5/4 | 14 | 57,5% |
| 2021-2022 | 55 | 1/11 | 2/15 | 1/8 | 17 | 52,7% |
| 2022-2023 | 49 | 13 | 11 | 2/9 | 14 | 48,9% |

Педагогтардың II санатты- 2. Жаңа форматты аттестаттаудан өткен «педагог – зерттеуші» – 13, «педагог – сарапшы» -11, «педагог-модератор» -11, санаты жоқ – 14, яғни, біліктілік санаты бойынша жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдер 48,9 % құрайды.

**Мектеп әкімшілігінің біліктілік санаттары:**

| № | Тегі, аты және әкесінің аты | Лауазымы | Санаты , алған күні, бұйрығы |
|---|---|---|---|
| 1 | Айзакова Алима Жолмуратовна | Директор | Екінші санатты басшы<br>№ 363 28.12.2021 |
| 2. | Бекбулатова Алия Калиевна | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары | Екінші біліктілік санатты басшының орынбасары №191 22.07.2021ж. |
| 3. | Сатыбалдина Гулнур Маратовна | Директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары | Екінші біліктілік санатты басшының орынбасары № 363 28.12.2021ж |
| 4. | Утебаева Ботакоз Рамановна | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Екінші біліктілік санатты басшының орынбасары № 363 28.12.2021ж |

**Мұғалімдердің білімі бойынша:**

| Оқу жылы | Мұғалімдер саны | Жоғары білімді | Магистр | Арнаулы орта | сапа |
|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 54 | 49 | 1 | 5 | 90,7% |
| 2021-2022 | 55 | 49 | 3 | 6 | 89 % |
| 2022-2023 | 49 | 45 | 4 | 4 | 91,8 % |

- **Қорытынды:** Биылғы оқу жылында педагогикалық ұжымның білімі бойынша сапасы- 91,8 %.

**Мұғалімдердің жасы бойынша:**

| Оқу жылы | Мұғалімдер саны | Жасы | | | | | Ұжымның орташа жасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 25-ке дейін | 25-29 | 30-39 | 41-50 | 51-60 | |
| 2020-2021 | 54 | 9 | 9 | 16 | 9 | 11 | 35 |
| 2021-2022 | 55 | 8 | 9 | 16 | 12 | 10 | 33 |
| 2022-2023 | 49 | 4 | 8 | 15 | 10 | 12 | 35 |

**Қорытынды:**

- Биылғы оқу жылында педагогикалық ұжымның орташа жасы - 35. Маман тапшылығы жоқ.

**Мұғалімдердің пәндер бойынша сапалық құрамы**

| Пәні | Мұғалімдер саны | Біліктілік санаты | | | | Мамандардың қажеттілігі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Зерттеуші/ жоғары | Сарапшы/ I | Модератор/ II | Санаты жоқ | |
| Қазақ тілі /әдебиеті | 4 | 2 | 2 | - | - | - |
| Орыс тілі /әдебиеті | 2 | 2 | - | - | - | - |
| Ағылшын тілі | 4 | 1 | - | - | 3 | - |
| Математика | 2 | - | - | 1 | 1 | - |
| Информатика | 2 | - | - | 1 | 1 | - |
| Физика | 2 | - | 1 | - | 1 | - |
| Химия | 1 | - | - | 1 | - | - |
| Биология | 2 | 1 | - | 1 | - | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| География | 1 | - | - | 1 | - | - |
| Тарих | 3 | 2 | - | - | 1 | - |
| Дене шынықтыру | 4 | 1 | 3 | - | - | - |
| Бастауыш сыныптар | 11 | 1 | 5 | 2 | 3 | - |
| МАД | 2 | 1 | - | - | 1 | - |
| Көркем еңбек | 3 | 1 | 2 | - | - | - |
| АӘД | 1 | - | - | - | 1 | |
| Музыка | 2 | 1 | - | 1 | - | - |
| Психология | 1 | - | - | - | 1 | |
| Әлеуметтік педагог | 1 | - | - | 1 | - | - |
| Дефектолог | 1 | - | - | - | 1 | - |
| **Барлығы** | **49** | **13** | **13** | **9** | **14** | |

**Қорытынды:**

- Мектеп бойынша кадр тапшылығы жоқ

**Педагогикалық кадрлар контингентінің тұрақтылығы**

| Оқу жылы | Барлығы | Мектептен кеткен мұғалімдер | | Мектепке қабылданған мұғалімдер | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Басқа жұмысқа ауысқандар | Зейнеткерлікке шыққандар | Барлық саны | Соның ішінде жас маман |
| 2020-2021 | 54 | 1 | 1 | 1 | 5 |
| 2021-2022 | 55 | - | 3 | - | 6 |
| 2022-2023 | 49 | 2 | 1 | - | 5 |

**Қорытынды:**

- 2022 – 2023 оқу жылында ұжымдағы педагогтардың саны былтырғы оқу жылымен салыстырғанда кеміген.

**Мұғалімдердің біліктілікті арттыру курстарына қатысуы:**

Мектеп мұғалімдері оқу мен тәрбие сапасын көтеру мақсатында біліктілікті арттыру курстарына қатысады. Бұл бағытта да ұстаздарымыз ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында», «Педагогикалық шеберлік орталығында», басқа да оқу орталықтарында өз білімдерін жетілдіреді.

| пәні | Барлық мұғалім | Базалық | менеджмент | Жаһандық құз. | Мектеп тренері, координаторы | Орта білім мазмұнын жаңарту бойынша курстар | Үштілділік курстарынан өткен мұғалімдер | PISA |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақ тілі /әдебиеті | 4 | 4 | 1 | 1 | - | 4 | - | - |
| Орыс тілі /әдебиеті | 2 | 2 | - | - | - | 2 | - | - |
| Ағылшын тілі | 4 | 3 | - | - | - | 3 | - | - |
| Математика | 2 | 2 | - | - | - | 2 | 1 | 1 |
| Информатика | 2 | 2 | - | - | - | 1 | - | 1 |
| Физика | 2 | 1 | 1 | - | - | 1 | 1 | 1 |
| Химия | 1 | - | - | - | - | - | - | - |
| Биология | 2 | 2 | - | - | 1 | 1 | - | 1 |
| География | 1 | 1 | - | - | - | 1 | - | - |
| Тарих | 3 | 3 | 1 | 1 | - | 3 | - | - |
| Дене шынықтыру | 4 | 4 | - | - | - | 4 | - | - |
| Бастауыш сыныптар | 11 | 9 | 1 | - | - | 7 | - | - |
| МАД | 2 | 2 | - | - | - | 1 | - | - |
| Көркем еңбек | 3 | 3 | 1 | 1 | - | 3 | - | - |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| АӘД | 1 | 1 | - | - | - | 1 | - | - |
| Музыка | 2 | 2 | - | - | - | 2 | - | - |
| Психология | 1 | - | - | - | - | - | - | - |
| Әлеуметтік педагог | 1 | **1** | - | - | - | - | - | - |
| Дефектолог | 1 | **1** | - | - | - | - | - | - |
| **Барлығы** | **49** | **45** | **4** | **3** | **1** | **37** | **2** | **4** |

**Қорытынды:**

- Мұғалімдер үшін өткізіліп жатқан көптеген қысқа және ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстары, деңгейлік курстар, орта білім мазмұнын жаңарту аясында ұйымдастырылған біліктілік арттыру курстары педагогтардың кәсіби даярлығын арттырып, өз ісін жоспарлай алуға, өзінің нақты мақсаттарын болжауға, баланың әрекетін ұйымдастыра алу шеберлігін шыңдауға маңызы өте зор. Курстар тыңдаушыларға өндірістен қол үзбей өз бетімен білім алуға, дәстүрлі әдістемелер мен өзекті технологияларды біріктіруге, жұмысты өз бетінше ұйымдастыруға және жоспарлауға, білім алуға және талдауға, ақпаратты іздеуге және іріктеуге, шешімдер қабылдауға, жобаларды таныстыру дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мектеп бойынша соңғы 5 жылда біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтар жоқ.

Әдістемелік кеңестің құрамында 17мұғалім бар, кеңес мүшелерінің атқаратын функционалдық қызметтері нақтыланған. Әдістемелік кеңес мүшелері мектеп директорының 30 тамыз 2022 жылғы № бұйрығымен бекітілді, кеңес төрайымы – Сатыбалдина Гулнур Маратовна Кеңес мүшелерінің құрамына пән бірлестіктерінің жетекшілері, мектеп тренерлері тартылды. Әдістемелік кеңес жоспары жасалды, отырыс хаттамалары бар. Өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға сараптама жүргізілді, жаңа оқу жылына міндеттер қойылды. Әдістемелік кеңестің тақырыбы – **«Инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне енгізуде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіре отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту»**

Мектепте атқарылатын әдістемелік жұмыстар сегіз бағытта жоспарланды:

I. Ғылымның теориялық, әдіснамалық негіздерін, өзіндік жұмыстың, өзіндік білімнің іскерлігі мен дағдысын қалыптастыратын, танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістерді меңгеру. (Талдау)

II. Ақпараттық жұмыстар. (Нормативтік құжаттармен танысу)

III. Сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын оқытудың түрлі нысандары мен әдістерін және шығармашылық түрде меңгеру. (Ұйымдастыру жұмыстары)
IV. Үздік, жаңашыл тәжірибемен және оның идеяларын шығармашылықпен пайдалану, прогрессивті идеяларымен, инновацияларымен танысу.
V. Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және білім беру ұйымының педагогтарына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әр түрлі нысандарын дайындау және өткізу.
VI. Оқыту сапасына, оқыту жетістіктерінің деңгейіне талдау жасау.
VII. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау.
YIII. Әдістемелік өнімді әзірлеу.

Жоспарланған жұмыстар уақытында өткізіледі, құжаттар жинақталады. Мектепті дамыту жоспары жасақталып, жыл бойы мектеп практикасын жетілдіру мақсатында шаралар өткізіледі.

**«Жас мамандар» мектебінің жұмысының талдауы**

Жылдағы үрдіске сәйкес 2022-2023 оқу жылында «Жас мамандар» мектебінің жылдық жұмыс жоспары құрылды Жоспарға сай жыл басында жас мамандар анықталып, оларға тәжірибелі мұғалімдерден тәлімгер-мұғалім бекітілді. Биыл мектебімізде 7 жас маман жұмыс жасауда.

| № | Жас маманның аты-жөні | Туған жылы | Бітірген оқу орны | Мамандығы | Еңбек өтілі | Бекітілген тәлімгер | Тәлімгердің санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мендигалиева Анаргуль Амиржановна | 09.08.00 | Қ.Жұбанов ат.АӨМУ | Шетел тілі | 3 ай | Алгазина Роза Каскабаевна | Педагог-зерттеуші |
| 2 | Балуанова Дильназ Жандырхановна | 20.07.03 | Актөбе гум.колледжі | Бастауыш білім беру | Биыл бітірді | Утарбаева Клара Булатовна | Педагог-зерттеуші |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **3** | Жасанова Ақниет Ғалижанқызы | 29.03.96 | Қ.Жұбанов ат.АӨМУ | Бастауыш білім беру | 3 ай | Абдраухова Жайнагуль Жугинисовна | Педагог-зерттеуші |
| **4** | Шаңдыбай Мөлдір Есетқызыы | 15.05.00 | М.Өтемісов ат.Батыс Қазақстан унив. | 5В011200-химия | 1жыл 2 ай | Турикпенбаева Алтынгуль Тегинбаевна | Педагог-модератор |
| **5** | Ғалламова Ақмарал Бекболатқызы | 15.11.96 | Қазақ ҰҚПУ | 5В0111-Математика | 2жыл, 4 ай | Машимова Акырыс Абдихалыковна | Педагог-сарапшы |
| **6** | Отарбек Нұрлан Айбекұлы | 03.04.99 | Әл-Фараби ат.ҚазақҰУ | 5В060400-Физика | 1 жыл 1 ай | Какенова Каламкас Гильмановна | Педагог-зерттеуші |
| **7** | Алпамыс Нұрсезім Алпамысқызы | 27.04.02 | Актөбе гум.колледжі | «Кітапхана ісі» 0401000 | 2жыл, 4 ай | Есеркенова Айжан Курманалиевна | Педагог-зерттеуші |

Мектепке алғаш келген жас мамандар тәлімгерлерімен таныстырылып, жас мамандардан анкета алынды. Жыл бойы жүргізілетін жұмыстармен таныстырылып, тәжірибелі мұғалімдерге семинар –тренинг, коучинг, практикумдар қойылды.Әр тәлімгер ұстаз жас маманға жоспар құрып жұмыстар жүргізілді.

**Жас мамандар мектебінің құру мақсаты:**

Кәсіби бейімделуде жаңадан жұмысын бастаған мұғалімге көмек көрсету;

Үздіксіз өз білімін көтеруде жас мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру;

Жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсете отырып, өмір талабына сай өркениетті бет алған жаңалыққа жаны жақын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын теорияны практикамен ұштастыра білетін, білімді және жан-жақты педагог ретінде қалыптастыру, өзіндік шығармашылық стилін қалыптастыру.

Жас мамандарға сынып журналдарының жүргізудің,оқушылардың дәптерлері күнделіктерін, жеке іс-қағаздарын жүргізудің және тексерудің талаптары мен таныстыру мақсатында өз тәлімгерлерінен көмектер ұйымдастырылады. Жылдық жұмысын жоспарлау күнделікті сабақ жоспары сабақ түріне сәйкес оқытудың тиімді құралдары мен әдістері туралы жан-жақты педагогикалық түсінік берілді.

Осы жұмыстармен бірге жас мамандардың оқу-тәрбие ісі жөніндегі құжаттарын жасауға көмектесу соның ішінде басты назар күнтізбелік жоспар, сабақ жоспары, тәрбие ісі жоспары, өз білімін жетілдіру жоспары, пән кабинетінің жоспары, өзара сабаққа қатысым жоспары туралы болды.

Жаңартылған білім мазмұна орай ББЖ және ТЖБ құру және оның ерекшеліктері түсіндірілді. Жас мамандардың сабағына мектеп әдіскері, тәлімгерлері қатысып әдістемелік көмек берді, түрлі білім сайыстарына қатысуға бағыт бағдар берілді.

Әрбір жас маман жеке іс-қағаздарын дайындап папка жасақтады.

Әр жас маман өздерінің әдістемелік бірлестік мүшелерімен тығыз байланыста болып, ӘБ апталықтарына белсене қатысты. Өз сыныптары бойынша ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырды.

Қаңтар айынан бастап Ғалламова Ақмарал жүктілік демалысына шықты. Биылғы оқу жылының қазан айынан бастап Тәлімгерлік қызмет атқарған Шамшиева Назгүл жас мамандар қатарына қосылды.

Ақпан айында **«Үздік жас маман – 2023» облыстық педагогикалық байқауына** жас мамандар Шаңдыбай Мөлдір, Отарбек Нұрлан, Мендигалиева Анаргуль, Балуанова Дильназ қатысып,жүлделі орындарға ие болды.

Сәуір айының 3-7.04 аралығында **«Бүгінгі жас маман- болашақ білікті ұстаз»** тақырыбында жас мамандар арасында апталық өткізілді.

Апталыққа жас мамандар белсенді қатысып, көрнекілік құралдарын әзірлеп, түрлі бағытта іс-шаралар өткізе білді. Әр ұзақ қоңырауда да түрлі сайыстар өткізіп оқушылардың қызығушылықтарын оята білді. Бұл апталықтың ерекшелігі- «Үздік жас маман-2023» сайысының өткізілуі болды. Сайысқа 4 жас маман қатысты. Үш кезең бойынша сайысқа түскен жас мамандар арасынан Шаңдыбай Мөлдір «Үздік жас маман» атағына ие болып, қалалық желілік қауымдастық мектептері арасында өткізілген «Жас мамандар» байқауына жолдама алды.

Биыл «Жас мамандар» мектебін аяқтауына байланысты Алпамыс Нұрсезім мен Ғалламова Ақмарал жас мамандар мектебінен шығады. Алпамыс Нұрсезім үш жыл ішінде жинақтаған тәжірибелерімен ой бөлісе отырып өзінің және оқушыларының жетістеріне тоқталды. Ғалламова Ақмарал жүктілік демалысында болғандықтан шығармашылық есеп бермейді.

Жыл соңында жас мамандардан анкета алынып, қорытындыланды.
2022-2023 оқу жылында жоспарланған жұмыстар толық орындалды.

**Қорытынды:**

- 2022 – 2023 оқу жылында педагогикалық ұжымға жас мұғалім қабылданбады. Жас педагогтармен жұмыс жасау жүйесі – «Жас мамандар мектебі» ұйымдастырылды, жетекшісі – Сагинбаева Гулназ Муратбековна . Жас педагогтармен жүргізілетін жұмыстарын іске асыру үшін тәжірибелі педагог – зерттеушілер, оқу ісі меңгерушілері, психологтар тартылды. Тәлімгерлік қызметін жүзеге асырудың барлық формалары қолданылуда: оқыту семинары, дәріс, тренинг, жеке кеңес, байқау, коучинг, т.б. Жетекші мен тәлімгерлер өткізілген жұмыстар мазмұнды, пайдалы, тиімді және оқу үдерісіндегі қиындықтарды жеңуге көмектесуде. Мектеп мамандары жас мамандарға жаңа жағдайларға бейімделуге қолдау көрсетті. Осындай жұмыстардың нәтижесінде жас мамандарға мектепішілік, аудандық деңгейде жобалар, таныстырылымдар қорғауға, есеп беруге, әріптестер табуға, өз жұмысына жауапкершілікпен қарауға жағдай жасалуда. Оқу үдерісі барысында туындайтын кедергілерді анықтау, оларды тиімді шешу жолдарын көрсету мақсатында тәлімгерлер мен I-II деңгейлі курстан өткен мұғалімдер жас мамандармен «Қысқа мерзімді сабақ жоспарын тиімді жоспарлаудың жолдары» тақырыбында коучинг, педагог портфолиосының мазмұны мен жүргізу тәртібін қалыптастыру мақсатында «Педагог портфолиосы қалай жинақталады» оқыту семинары өткізілді. Жас мамандар оқу мен оқыту үдерісіндегі кедергілердің шешу жолдарын анықтау, алдағы уақытта тәжірибелерін жүйелеп жинақтауды үйренді.

Әдістемелік қызмет мазмұнында жас мамандармен жүргізілетін жұмыс маңызды орын алады. Тәлімгерлік үдерісі арқылы сабақта, сабақтан тыс кездесетін кәсіби қиындықтарды анықтау, кәсіби сұхбаттасу, бірлесіп жоспарлау, сабаққа қатысу, оны талдау, кері байланыс ұсыну жұмыстары жүргізілуде.

**Жаңа оқу жылына қойылатын мақсат-міндеттер :**

- Оқу жоспары,бағдарламалары, пән бойынша жаңартылған білім мазмұнының талаптары;
- Жаңартылған бағдарлама бойынша жұмыс жүргізуге көмектесу;
- Жас мұғалімді класс журналын , оқушылардың дәптерлерін , күнделіктерін , жеке іс-қағаздарын жүргізудің және тексерудің талаптарымен таныстыру;
- Тақырыптық - күнтізбелік және сабақ жоспарларын жасау;

- Сабаққа қойылатын талаптар , сабаққа талдау жасау және өзіндік талдау жасауға бағыт беру .
- Мектепішілік, қалалық сайыстарға қатыстыру

**Оқу-тәрбие, тәлімгер жұмысы**

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысының білім басқармасы ММ-нің 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығы және де Ақтөбе қаласының білім бөлімі ММ-нің 2019 жылғы 3 қыркүйегіндегі №1155 бұйрық негіздерін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы 15-қосымшасын, 2021 жылғы 16 қыркүйек № 472 бұйрығы басшылыққа ала отырып құрылды. Тәрбие жұмысы 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстеттикалық тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысының жоспары Тәрбие тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылды оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам»рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылды.

Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылының жоспарын жасау барысында 2022-2023 оқу жылына арналған «Әдістемелік нұсқау хатында» көрсетілген атаулы даталарды,ұсынылған жобаларды басшылыққа алып, еріктілер тобының жұмысын енгізіп, туған өлкенің қасиетті жерлеріне саяхаттар енгізіліп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен әзірленген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы

тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде жасалған «Өркендеу» жобасы негізінде «Әкелер», «Аналар», «Әжелер» мектебі ашылып, «Қоғамға қызмет», «Оқуға құштар мектеп», «Отбасы-орта мектеп», «Еңбек елдің мұраты», «Ерте жастан экологиялық мәдениет», «Дебат» қозғалысы, «Театр»сабақтары жобалары жұмыс жоспарына енгізілді. Негізгі басым бағыттарға қоса оқушы өмірінің қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу, балалар мен жасөспірімдер бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, оқушылардың өзін-өзі басқару органы мен жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру, тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысын бақылау, тәрбие жұмысы жүйесінің мониторингілеу жұмыстары жоспарланды.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асырылды.

Оқу жылының басында 2022-2023 ж. атқарған жұмыстарға талдау жасау арқылы жаңа оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралары іске асты: класс жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналалардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, класс кабинеттері бекітіліп, белгіленді.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кенінен жоспарланды. Мектеп оқушыларының сабаққа 10 күннен астам келмей қалғаны болған жоқ.

Патриоттық тәрбие беру барысында оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституцияны құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылды. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтарын мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелді. Жоспар негізінде мектепте түрлі шаралар ұйымдастырылып, уақытылы өткізіліп отырылды. Патриоттық тәрбие беру жұмысын жүзеге асыру барысында құрылған «Қайсар» патриоттық клубына 8-11 класс оқушыларынан 25 оқушы қатысады. Клуб

мүшелері клуб жетекшісі, АӘД жетекшісі С.Шариповтың басшылығымен Әскери патриоттық тәрбие деңгейін көтеру мақсатында қала мектептері арасында өткізіліп жатқан түрлі сайыстарға қатысты. Респубика күніне арналған **«Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!»** атты іс-шаралар жоспары құрылды. Жоспар негізінде «Мәңгілік жаса, қыран елім-Қазақстаным», «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан» 1-11 класс оқушылары арасында танымдық класс сағаттары, «Менің Отаным» тақырыбында диктант алынды, «Қыран елім - Қазақстаным» мәнерлеп оқу сайыс, «Патриотизм дауысы», тақырыбында 1-11 кластар арасында мемлекеттік гимнді жаппай орындалды. «Қазақстаным – кең байтақ жерім» сурет байқауы, «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!» видеоқұттықтау, «Таза табиғат» экологиялық акциясына оқушылар белсене қатысты.Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тақырыптық іс-шаралар жоспары құрылды. Осы мереке қарсаңында мектебіміздің белсенді оқушылары «Жас Ұлан» және «Жас қыран» топтарына қабылданды. Желтоқсаншылар,”Тәуелсіздік желтоқсанның жемісі”, “Ерлік сабақтары” тақырыбында ауған соғысы ардагерімен кездесу өтті, “Желтоқсан оқиғасы-Тәуелсіздік бастауы” эссе байқауы өтті. Кеңес әскерлерін ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына арналған ардагерлермен кездесу өткізілді. 6 мамыры күні Жеңіс күні қарсаңында Тілеубатыр Айтұлының ескерткішіне «Ерлікке тағзым» шарасы аясында гүл шоқтарын қою рәсіміне мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары қатысты.

**Қорытындылай** келе патриоттық тәрбие беру бағытындағы атқарылған жұмыстар “қанағаттанарлық” деңгейде деп танылды.

**Ұсыныс:** «Қайсар» патриоттық клубының жұмысын жалғастыру.

Оқу жылында ата-аналар жиналысы 5 рет өткізілді. Оның ішінде 1-еуі жалпы ата-аналар жиналысы, 4-еуі төрт тоқсан бойынша қорытынды жиналысы өткізілді. Әр тоқсан сайын ата-аналарға ашық есік күндері ұйымдастырылып, пән мұғалімдерімен кездесуге мүмкіндіктер жасалды. Жыл басынанан ата-аналармен жұмыс жоспары құрылып, жоспар негізінде ата-аналардың қатысуымен іс-шаралар уақытылы өткізілді. Мектептің «Зерде» әжелер, «Асыл аналар» клубы ашылып, іс-шаралар жоспары құрылып, отырыстары уақытылы өткізілді. Сонымен қатар «Ұлағат» әкелер клубы мектеппен тығыз жұмыс жасады. Қалалық білім бөлімінің, мектепшілік жиындар мен шараларға толық қатыстырылып отырылды.

«Отбасы –бақыт мекені» атты апталық жоспары құрылып, жоспар негізінде «Отан отбасынан басталады» тақырыбында тәрбие сағаттары «Мен және менің отбасым» сурет көрмесі, Қайырымдылық - адам жанының нұры атаулы көмек алатын оқушыларға азық түлікпен көмек көрсетілді, «Отбасы- шабыт көзі» кітап көрмесі, «Менің отбасым- сыйластық орнаған ортам» тренинг жоғарғы класс оқушыларына өткізіліп, мектептің инстаграм желісіне уақытылы салынып отырылды. 4-5 класс оқушыларының ата-аналарымен бірге «Ата-анам және мен» спорттық сайыстарыда өткізілді. 1 класс ата аналарымен мектеп ауласына балалар қорғау күніне орай флешмоб ұйымдастырылды.

**Қорытынды:** Ата –аналар мектепішілік іс-шараларды өткізуге, ата-аналар жиналыстарына қатысып, балалардың оқудағы жетістіктері ата-аналар жиналыстарында талданды және талқыланды. Жоспарға сай өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде, оқушылардың ата-анаға деген сүйіспеншілік сезімдері, бір-бірін сыйлауға құлшыныстары оянды. Отбасы тәрбиесі бойынша мектеп тарапынан «қанағаттанарлық» деңгейде жұмыстар атқарылды.

**Ұсыныс:** Ата-ана-оқушы-мұғалім үштік ынтымақтастығын дамыту. Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Қарттар күні мен Ұстаздар күніне жасалған іс-шаралар жоспары негізінде кластан тыс шара өткізіліп, мектебіміздің ардагер ұстаздарын мектептің инстаграм желісі арқылы,мектеп оқушылары үйлеріне барып құттықтадық. Мектептегі барлық класс жетекшілер мен класс оқушылары қарттарымызды құттықтап,тәрбие сағаттарын өткізді. 1-11 кластарда «Ұстаз-мектептің жүрегі», «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» , «Қарттарды қадірлейік, ағайын!» тақырыптарында класс сағаттары өткізілді. 1 қазан күні **«**Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем**»** тақырыбында мектеп ұстаздарын құттықтауға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылып, Мерекелік концерт барысында 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша жетістікке жеткен ұстаздар қалалық, облыстық білім бөлімі мен кәсіподақ ұйымының атынан «Алғыс хатпен», мақтау қағаздарымен марапатталды. Мектебіміздің 1-7 класс жетекшілері Ардагер ұстаздарды мерекелерімен құттықтап үйлеріне барды. «Ұстазыңды құттықта» тақырыбында 8 класс оқушылары инстаграмм желісіне видеоролик жариялап Республика бойынша жеңімпаз атанды.

Қалалық білім бөлімінің, мектептің жоспарына сәйкес "Адалдық сағаты" тақырыбында дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары уақытында өткізілді. Мектебізге қарасты үлкен ата-әжелерге көмек қолын созып, аулаларын тазартуға оқушыларымыз атсалысып отырды.

Ораза айына орай мектебіміздің «Мейрім» еріктілер клубы көше тазалайтын ағайлар мен апайларға арнап сулар мен тәттілер таратты жәнеде Қарттар үйіне ән-шашуымызбен барып, өздеріне қажетті сыйлықтар таратылды. Мектебіміздің азқамтылған оқушыларына азық-түліктер таратылып көмек көрсетілді.

**Қорытынды:** Ата-аналар балаларды рухани және материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеу мен жұмыс істеуіне қатысып отырады, жағдайға қарай оқушыларды жетістіктері үшін марапаттауға, оқушылардың білім алу ынтасын арттыруға ықпал етуші әңгімелесулер мен іс-шараларға тартылады, мектеп Жарғысымен және ішкі тәртібімен белгілеген қағидаларды орындауға көмектеседі, мектепішілік іс-шараларды жоспарлау мен өткізуде «қанағаттанарлық» деңгейде қолдау көрсетті.

**Ұсыныс:** Рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру жұмыстары жалғастырылсын.

Құқықтық тәрбие мен құқықбұзушылықтың алдын-алу мәселелері бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары қамқоршыылық кеңес мүшелерімен бірлесіп жасалды. Облыстық білім басқармасының шығыс хаты негізінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және кәмелетке толмағандардың алкогольді сусындарды, темекі бұйымдарын сатып алу, оқушылардың ойын-сауық орындарында түнгі уақытта заңды өкілдерінің ілесіп жүруінсіз тұрғын үй-жайлардан тыс жерлерде болу фактілерін анықтау мақсатында мектеп инспекторы, мұғалімдер және ата-аналар болып рейдке шығарылды. 8-11 класс оқушыларына «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын-алу» тақырыбында дәрістер жоспарға сай өткізілді. Биылғы оқу жылында Ішкі істер бөлімінде есепте тұрған 11 А класс оқушысы Мускабаев Еркен, мектепішілік есепте Нұртаза Фархад 9а класс оқушысы бар. Сонымен қатар тәуекел тобында есепке алынған 7 оқушы бар. Олар 6а класс оқушылары Аманжан Айару, Жарылғасов Әлімқожа, 9 а класс оқушылары Аймағамбетова Карина, Мақұлбекова Жанель, 9ә класс оқушылары Жігербаева Нарқыз, Избасарова Жұлдызай, 7Ә Аманқос Дильназ мектеп тәртібін бұзған үшін есепке алынды.

**Қорытынды:** Рейд кезінде өрескел қылықтары мен беймезгіл уақытта жүрген оқушы анықталған жоқ.

**Ұсыныс:** Мектеп оқушыларына өз құқықтары мен міндеттерін меңгерту жұмыстарын жалғастыру.

Көпмәдениетті және көрме-эстетикалық тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік – мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзінді-өзің жеңу, өзіне - өзі ие бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру. «Зерде» әжелер клубының ұйымдастыруымен 7-9 класс қыздарына «Қыз еркем, кестесімен көркем » атты кездесу өткізілді. Мақсаты: Қыз балалардың ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын, этика-эстетикалық талғамдарын, ойлау қабілетін арттыру, ұлттық құндылықтарды саналарына сіңіру. Сонымен қатар қараша айында тәрбие бағыты бойынша «Әжелер – отбасының берекесі» тақырыбында облыстық семинар өтті. Мақсаты: Жас жеткіншектердің бойына халық даналығының сарқылмас қайнар көзі, өскелең ұрпақтың тәрбиешісі, аналардың анасы – әженің адам өмірінде алатын орнын, оларға құрмет көрсету – халықтық дәстүр екендігін ұғындыру, бала арасындағы ұрпақтар сабақтастығын көрсету,адамгершілікке, инабаттылыққа және мейірімділікке тәрбиелеу. Наурыз мейрамы" ұлттық домбырашылар челленджі өткізілді. Челлендж барысында оқушылар мен ата-аналардың музыкалық өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерін көрсету және домбыраны дәріптеу мақсатында халық күйілері орындалды.

**Қорытынды:** Мектеп оқушылары Қазақстан халықтарының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымен танысты.

**Ұсыныс:** «Достық» үйімен тығыз байланыс орнату.

Экологиялық және еңбек тәрбиесін берудін міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту,адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру.

Мектеп ұстаздары мен оқушылар мектеп ауласында, мектепке бөлінген аймақта сенбілік өткізіп ақтау, тазарту жұмыстары жасалып тұрды. Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күніне орай мектебіміздің «Ұлағат» әкелер клубының мүшелері мен балалары мектеп ауласына 22 жеміс ағашын, «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясындағы білім беру ұйымдары арасындағы «Жасыл мекен» челленджін мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары қолдап, мектеп ауласына 23 түп жеміс талы мен 800 түп "Петуния" гүл көшеттерін отырғызды. «Жасыл мекен» челленджі білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған. Мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу болып табылады. отырғызды.

**Қорытынды:** Экологиялық және еңбек тәрбиесі бойынша атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деңгейде.

**Ұсыныс:** Оқушыларды экология саласындағы ғылым жетістіктерімен хабардар ету.

Мектебіміздің 9,11 класс оқушылары класс жетекшілерінің ұйымдастыруымен қаламыздағы арнаулы орта және ЖОО-ның өткізген ашық күн іс-шараларына үнемі қатыстырылып отырылды. Сонымен қатар оқушылардың мамандық таңдауда қателеспеу мақсатында ата-аналарға да нұсқау,көмек көрсетіліп отырады.Оқу жылы басталғаннан бері арнаулы орта және жоғары оқу орнының оқытушылары келіп, кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізді. «Ақтөбе сервис колледжі», «Ақтобе өнеркәсіптік колледжі», «Ақтөбе техникалық колледжі», «Ақтөбе шаруашылық колледжі», «Ақтөбе гуманитарлық колледжі», «Ақтөбе мұнай және Газ колледжі», Көпсалалы «Болашақ» колледжі, «Ақтөбе политехникалық колледжі» «Ақтөбе көлік жюәне комуникациялық колледждерімен» тығыз байланыста болып оқушылармен бірге ашық есік күндеріне қатысты.

**Нәтиже:** 11 класс бітіруші 12 түлек ЖОО-на негізгі мектепті бітіретін 43 оқушының 15-і арнаулы орта оқу орындарына түскелі отыр.

**Ұсыныс:** Қаламыздағы арнаулы орта және ЖОО мамандарымен кездесуді жүйелі түрде жалғастыру.

Денсаулық күніне орай Мектеп медбикесі №1 қалалық емханасымен тығыз байланыста болып оқушыларға уақытылы мамандармен кездесулер ұйымдастырылып, баяндамалар оқылып, зиянды заттардан аулақ болайық тақырыбында бейне көрсетілімдер көрсетіп, кеңестер беріп отырды. Денсаулық күніне орай 5-11 кластар арасында мектеп спорт залында «Денсаулық» фестивалы ұйымдастырылып оқушылар флешмоб биледі.

«Ерте жүктіліктің алдын алу, қыз тәрбиесінің маңыздылығы», «Репродуктивті денсаулық, АИТВ,ЖИТС» тақырыбында 8-11 класс қыздарына баяндама оқылып, дөңгелек үстелді №1 қалалық емхана Салауатты өмір салтын қалыптастыру бөлімінің маманы Л.Х.Жантөрина. гинеколог дәрігер Есеркеповпа А.С бірлесіп, жыныстық қатынасынан жұғатын аурулардың профилактикасы жөнінде баяндама видеоролик көрсетіліп түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 1-класстарға Туберкулез ауруының алдын алу тақырыбында және «салауатты өмір салтын сақтайық» деген мақсатпен баяндама оқылып, түсіндіру жұмыстары жүргізді. "Балалық шақ әлемі қандай ғажап!" Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Бақыт, Күн, Достық - балаларға" тақырыбында спорттық қозғалыс ойындар ұйымдастырылды.

**Қорытынды:** Мектебіміздің спортшы оқушылары әр түрлі спорт түрлерінен жарыстарға қатысып алғыс хаттар мен жүлделі орындарды алып келді.

**Ұсыныс:** Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында облыстық СӨС орталығымен бірлескен жұмысты жалғастыру.

Ата-аналар мен оқушылар арасында діни экстремизімді алдын алуға арналған баяндамалар жоспары құрылды. Діни экстремизімнің алдын-алу жұмыстары туралы бұйрық шығарылды. Ата-аналар жиналысында діни экстремизімнің алдын алу бағытында баяндамалар оқылды. Мектебімізде діни бағытта жүрген оқушы жоқ. Дегенмен діни бағытты ұстанушы отбасылар бар. Осы отбасы оқушылары бақылауға алынды. Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысында балаларды діни ұйымдарға, секталарға әсіресе фанаттық құбылыстарға тартудың алдын-алу жұмыстарын жүйелі жүргізіу және ата-аналар қауымдастығын осы жолға үлкен жауапкершіліпен қатаң түрде ата –аналарға ескертіліп отырылады.9-11 класс оқушыларына «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс» орталығының теолог мамандар Ж.Қадирханова, Ж.Мирманов келіп «Дінсіз тәрбие-тамырсыз көшет» тақырыбында дәріс оқыды.

**Қорытынды:** Мектебімізде діни бағытта жүрген оқушы жоқ. Дегенмен діни бағытты ұстанушы отбасылар бар. Осы отбасы оқушылары бақылауға алынды. Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысында балаларды діни ұйымдарға, секталарға әсіресе фанаттық құбылыстарға тартудың алдын-алу жұмыстарын жүйелі жүргізіу және ата-аналар қауымдастығын осы жолға үлкен жауапкершіліпен қатаң түрде ата –аналарға ескертіліп отырылды.

**Ұсыныс:** Теолог мамандармен кездесулер өткізу жұмыстарын жалғастыру.

Үйірмелер мен секцияларға мектеп бойынша барлығы 543 оқушының 411-і (75,6%) және мектептен тыс мекемелердегі үйірмелер мен секцияларға қатысатын оқушылардың саны - 160 (29,4%). Мектеп бойынша сабақтан тыс уақытта үйірмелер мен секцияларға қатысатын оқушылардың саны - 515 **(94,8%).** 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда мектеп бойынша сабақтан тыс уақытта үйірмелер мен секцияларға қатысатын оқушылардың пайыздық үлесі **(94,8%) +0,5%-**ға артқан.

Мектептің тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болып табылатын кластан тыс жұмыс оқыту мен тәрбиелеудің жалпы мақсаты – баланың өмірге және қоғамға қажет әлеуметтік тәжрибені игеріп алуына және қоғам қабылдаған құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

**Ұйымның мақсаты:** Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

**Ұйымның міндеттері:**

-Қазақстан халқының тілін,мәдениетін,тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру.

-балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру.

-танымдық жұмыстарды ынталандыру.

-балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік,шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау.

-жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға,көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

2022-2023 оқу жылы бойынша бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары құрылып, 7 бағыт бойынша жұмыстар жүргізілді. Мектебімізде «Мектеп Ұланбасы» сайлауы өткізіліп, 9-10 кластар арасында үміткерлер қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша ең көп дауыс жинағаны үшін 9 «Ә» класс оқушысы Есенгельдиев Нұржан тағайындалды.

**Мектепшілік, мектеп кеңесімен жұмыс**

1 қыркүйек білім күніне арналған салтанатты жиын, Ұстаздар күніне арналған мерекелік шара, «Күз патшасы мен күз патшайымы» байқауы. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымында 2 топ бар. «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» мұндағы «Жас Ұлан» ұйымына -65 оқушы, «Жас Қыран» ұйымына- 58 оқушы қабылданып, ант тапсырды. «Жаңа жылдық» мерекелік іс шара ұйымдастырылды.

**«Зерде» бағыты бойынша :** «Тіл тағдыры- ел тағдыры» әдеби –музыкалық композиция , «Ең үздік математик» зияткерлік ойын, «Мамандықтар әлемі» ойыны, «Қиял әлемі-2022» байқау ;

**«Отан» бағыты бойынша :** «Біздің тату отбасы» сурет байқауы , «Мәңгілік елім –Қазақстаным!» мерекелік шарасы;

**«Руханият» бағыты бойынша :** «Атам – әжем жанында», «Аталар сөзі-тәрбие көзі» кездесу, «Ұстаз- ұлы тұлға» мерекелік кеші, «Қазіргі таңдағы – дін» дөңгелек үстел, «Сенімен мақтанамын Қазақстан» авторлық өлеңдер байқауы, «Кел, Жаңа жыл ортаға!» жаңа жылдық мерекелік кеш;

**«Салауат» бағыты бойынша:** «Ең таза класс» мектепшілік тазалық ;

**«Экоәлем» бағыты бойынша:** «Күз патшасы мен күз патшайымы» байқауы, «Урнomoment» челленджі. Осы секілді түрлі бағыттар бойынша іс-шараларды қызықтыра ұйымдастырып, оқушылардың белсенді қатысуын қадағаладым. Сонымен қатар, әр аптаның бейсенбі күні Қалалық оқушылар сарайына жиналысқа бардым.

**Ұйым мүшелерінің саны**

Мектеп бойынша жалпы оқушылар саны-533. «Жас ұлан» саны-289. «Жас ұлан» қатарына қабылданған бала саны-65. «Жас қыран» саны-186. «Жас қыран» қатарына қабылданған бала саны-58.

**Ескертулер:** қалалық, облыстық байқауларға оқушыларды қатыстыру.

**Ұсыныстар:** көбірек іс-шаралар ұйымдастырылса, оның ішінде спорттық байқаулар.

**Қорытынды:**

2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар ҚОС сарайының және балалар ұйымының жұмыс жоспарына сай жүргізілді. Белгіленіп, атқарылмай қалған жұмыстар жоқ. Тәрбие жұмысында жеткен жетістіктер мен кемшіліктерді негізге ала отырып, 2022-2023 оқу жылына балалар ұйымы төмендегі міндеттерді белгілейді:

## Мектеп психологі мен әлеуметтік педагог жұмысы

**Психологиялық қызметтің алдына қойған мақсаты:**

Оқу – тәрбие үрдісінде психологиялық заңдылықтарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалдарын дамыту, психологиялық денсаулығын сақтау.

**Психологиялық қызметтің міндеті**

- Әр баланың толық психологиялық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін психологиялық ахуал туғызу.
- Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың арасындағы өзара қарым – қатынас стилін реттеу.
- Әлеуметтік және жеке даралық жетістіктерге жол ашу.
- Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда таным үрдістерінің дамуына жол ашу.
- Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға үйретуде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарының негізін қалау.

Мектептің психологиялық қызметі 6-бағытта жұмыс жасады:

**КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ДИАГНОСТИКА ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ:**

**Топтық зерттеулер.**

1-класс, Керн Иерасек нememсе Семаго; "Менің класым"жобалау тесттері,
5-Класс: Мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г.Лусканов)
10 класс: Мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г.Лусканов)
8-9-10-11класс: DASS сауалнамасы ("Д" стресс,депрессия,мазасыздық)
8-класс: Мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті (Штур)
9-10-11класс: Спилберг әдістемесі
9-класс: Голланд әдістемесі (Кәсіби бағдар тесті)
10- класс: Мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті (Штур)
4-класс: Біліктілікті зерттеу(Э.Ф.Замбацавичене әдістемесі)
10-11 жастағы оқушылардың "Қабілет" деңгейі анықталды.

2022-2023 оқу жылында психологиялық жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді.
Биылғы оқу жылында мектепте 533 оқушы білім алуда,26 класс комплект бар және 49 мұғалім жұмыс істейді.Мектептегі психологиялық қызмет негізгі келесі бағыттар бойынша жүзеге асты:психолдиагностика, кеңес беру,ағартушылық,профилактикалық,ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыттар.Оқу жылында 46 оқушы класқа қабылданды. 1 кластың бейімделу деңгейін анықтауда Керн Йирасектің диагностикалық зерттеу жұмысы жүргізілді. 1«А» класы, 23 оқушы Жүргізілген әдістің қорытынды нәтижесінде бейімделуі жоғары оқушылар саны 16, орташа -7 оқушы. Мұғалімдермен оқушылар арсында жағымды қарым-қатысқан сақталған. 1«Ә» класы, 23 оқушы Жүргізілген әдістің қорытынды нәтижесінде бейімделуі жоғары оқушылар саны 14, орташа -9 оқушы.Мұғалімдермен оқушылар арсында жағымды қарым-қатысқан сақталған. Бейімделуі төмен оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру әдістері ұсынылады. Отасы күніне орай жоспарға сәйкес 1 класс ата-аналарымен кездесу тренингі ұйымдастырылды. Кездесу "Танысу" тренингінен басталып, "Мен түсінемін", "Сіз балаңызды қаншалықты білесіз?" жаттығулары,шарды жару арқылы ситуациялық сұрақға жауап берді.Тренингке белсене қатысқаны үшін ата-аналар белсене қатысқаны үшін алғыс білдіру мақсатында алғыс хаттар табысталды.
5 класта 68 оқушы білім алуда. Оқушының мектепке бейімделуін анықтау мақсатында сауалнама алынды, Жалпы қорытынды бойынша жоғары деңгей 57% және орташа деңгей 43% төмен деңгей 0% анықталды. Сонымен қатар балалардың ұжыммен өзара қарым-қатынасын анықтау мақсатында тренингтер өткізілді.

10 класс оқушыларының мектепке бейімделуі “Мектептік мотивация әдістемесі Н.Г.Лусканов” әдістемелері жүргізілді. Зерттеуге 10 класс бойынша барлығы -28 оқушы, 1 оқушы денсаулығына байланысты қатыспады. Қорқыныш, стрес,депрессия деңгейін анықтау мақсатында 6-7 класс оқушыларынан Зунг сауалнама алынды.Нәтижесінде қатты төмен көрсеткіш көрсеткен оқушы жоқ.Агрессия деңгейін анықтау мақсатында 6-11 класс оқушыларынан Басса-Дарки сауалнамасы алынды.Депрессия, үрей, күйзеліс деңгейін анықтау мақсатында 8-11 класс оқушыларынан ДАСС сауаонамасы алынды.Гудман-5 класс, Голланд 9-11 класс, Э.Ф.Замабацавичене әдістемесі-3-4 класс,Штур 10-11 класс оқушыларынан сауалнама алынды.

**Жеке зерттеулер**

**Тәуекел тобында тұрған оқушылармен:** Аймаганбетова К,Макулбекова Ж,Избасарова Ж, Жігербаева Н, Аманжан А, Жарылғасов Ә. «Кактус» әдістемесі, “Үй адам ағаш”,«Өмірде жоқ жануар»,“Отбасы суреті”, “Мектеп өмірінде сені не алаңдатады”тест, “Уақытты босқа өткізбеу,өмірді босқа өткізбеу”кеңес беру, “Өмір шексіз керуен”психодиагностикасы, “Мінез жанның айнасы”, Тренинг сабақ Флештренинг,түзету-дамыту ойындары өткізілді.

**Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен:**Ярлыкашинов Н,Нұртаза Ф. “Кактус”әдістемесі, “Танымдық процестерін анықтау”, “Тәрбиелік деңгейін анықтау”, “Уақытты босқа өткізбеу,өмірді босқа өткізбеу”кеңес беру, “Өмір шексіз керуен”психодиагностикасы,түзету-дамыту ойындары өткізілді.

**Психологиялық кеңес беру**

Психологиялық кеңес оқушы, ата-ана,мұғалім арасында туындаған проблемаларды шешуге көмектесуге бағытталды. Оқу процесі кезінде туындаған жағдаяттарды шешу және ұсыныс жасау – психологиялық кеңес берудің басты мақсаты. Мектептің психологиялық кеңесіне тек қана туындаған проблемаларды шешу ғана емес, мектеп процесіне қатысушы оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар жеке басына қатысты кеңес алуға келді.

Кеңес беру келген клиенттің мақсаты мен міндеттеріне сай жүргізілді. Жыл бойы келесі сұрақтар бойынша кеңес беру жұмысы жүзеге асырылды:

-үрей мен қорқыныш, алаңдауы жоғары деңгейдегі оқушылар мен ата-аналар, мұғалімдермен;

-депрессия деңгейі жоғары оқушылардың ата-аналарымен;

-ата-аналар мен мұғалімдер, оқушылардың сұранысы бойынша кеңес беру;

Кеңес беру барасында келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

-мінез-құлықтық;

-эмоционалдық;
-диагностикалық.

**Психопрофилактика және ағарту жұмысы.**

Отбасы күніне арналған тренинг
5-8класс: Ересектердің эмоционалды құзыреттілігін дамыту тренингі
- "ҰБТ жетістікке апарар жол" 11 класс үшін тренинг
- "Отбасым бақыт мекенім" ата-аналарға арналған тренинг
- ҰБТ-ке, емтиханға дайындалуда ата-аналарға арналған кеңестер
- "ҰБТ бізге қандай мүмкіндік береді?" тренинг

"Сіз қандай мұғалімсіз?"
Мұғалімдер арасында өткізілетін сауалнама
«Керемет мектеп». Педагогтарға арналған тренинг
Класс жетекшілермен бірге отырып, әрбір класс ұжымына педагогикалық -психологиялық мінездеме толтыру
Оқу жылының басында жаңадан келген жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету мақсатында "Жарқыра,жайна,жас маман!" тренингі ұйымдастырылды.

**Ата-анамен жұмыс:**

Бірінші класс оқушыларының мектеп үдерісіне бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері
Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру ерекшеліктері/ дәрісбаян және кеңес
«жарық дүние» жасөспірімдік шағы дәрісбаян
Емтихан мерзімінде және оған дейінгі уақыттағы оқушы қылығына бірнеше ұсыныстар/ дәрісбаян

**Түзету-дамыту жұмысы.**

1-4класс: Сергіту жаттығулары
1-4класс: "Психомоториканы дамыту жұмыстары"
5-11 класс: Психологиялық акция "Құпия дос"
1-4класс: Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар.
9-11класс: "Емтихан" іскерлік ойын
сынып оқушыларына "Білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар

**Инклюзив балалармен:** Оқушыға жекелік мінездеме құрастыру, анықтама – мінездеме толтыру,«Темперамент типін анықтау. Өзін – өзі бағалау деңгейін диагностикалау,Танымдық процестерін анықтау,Тәрбиелік деңгейін диагностикалау,Класс ұжымының психологиялық азуалын диагностикалау,Кеспе сурет» әдістемесі,«Күнбағыс» тренинг-жаттығуы, "Әр түрлі құралдармен ойнайтын ойындар", "Өздеріне деген сенімділігін арттыру", "Ойлау процесін дамытуға арналған жаттығулар", "Қабылдау процесін дамытуға арналған жаттығулар", "Зейін байқағыштығы мен кеңістік елестетуді дамыту", "Мектеп өмірінде сені не алаңдатады?".

**Инклюзив тобындағы оқушылармен:** Инжилова Ж, Аманкелді Н, Амангельдина А,Амангельдина И. түзету-дамыту ойындары жүргізілді. "Тәрбиелік деңгейін анықтау" диагностикасы,"құм терапиясы",«Төртіншісі артық»әдістемесі, "Мектеп өмірінде не алаңдатады" анкетасы алынды.Тәрбиелік деңгейді анықтау,класс ұжымының психологиялық ахуалын диагностикалау.

2022-2023 оқу жылы 4 оқушы инклюзивтік бағдарлама бойынша білім алды,1 оқушы қаңтар айынан бастап басқа мектепке ауысты:Инклюзив және үйден оқытылатын білім алатын оқушыларға мектеп психологтары бөлек, әр оқушының диагнозына сәйкес индивидуалды түзету - дамыту жоспарын құрды. Жоспар бойынша әр оқушымен жетісіне, 1-2 рет жеке түзету - дамыту жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының қорытындылары бойынша класс жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, ата-аналарына психологтар ұсыныстар мен кеңестер беріп отырды. Әр оқушыға жеке портфолио арналып, таным процесінің даму динамикасы бақыланды. Мектеп психологтары, оқушылар, ата-аналар және ұстаздар арасында кеңес беру, диагностика, түзету-дамыту, профилактикалық және эксперттік жұмыстарын жүргізеді. Әр түрлі психологиялық ерекшеліктері бар оқушылармен психологиялық түзету, қолдау, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен "Көңілді ұяшықтар", "Мен бақытты баламын", "Мен жеңімпазбын" тренингтер өткізілді.

**Сенім жәшігі және телефоны:**

"Сенім жәшігі" және " сенім телефонымен"жасалған жұмыстар

2022-2023 оқу жылында сенім телефоны мен сенім жәшігі жұмысы жалғастырылуда. Сенім жәшігі мен сенім телефонына келіп түскен қоңыраулар жоқ.

**Әдістемелік жұмыс.**

1. Оқушылармен жүргізілетін диагностикалық жұмыстарды даярлау;
2. «Дарынды» оқушы, мүмкіндігі шектеулі оқушылармен арнайы бағдарлама құру жұмыстары;
3. «Қиын» оқушылармен, «Тәуекел» тобындағы оқушылармен жұмыс жасау барысында бағдарлама, жоспарлау;

